

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 21 шілдедегі № 152 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 шілдеде № 23657 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28-бабының 6-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгіленсін.

2. Шал ақын ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын :

1) "Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды анықтау және таңдаушылармен кездесу үшін үй-жайларды ұсыну туралы" 2017 жылғы 6 маусымдағы № 99 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4221 болып тіркелген);

2) "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының аумағында Қазақстан Республикасы Президентігіне барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және сайлаушылармен кездесу үшін үй - жайларды ұсыну туралы" 2019 жылғы 6 мамырдағы № 85 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5401 болып тіркелген).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданының әкімі*

Р. Смагулов

"КЕЛІСІЛДІ"

Шал ақын ауданының аумақтық
сайлау комиссиясымен

Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданының әкімі
2021 жылғы 21 шілдедегі
№ 152 қаулысына
қосымша

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 20.03.2024 № 67 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1	Афанасьев ауылы	Школьная көшесі, 15, "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Шал ақын ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Афанасьев орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стенд
2	Ысқақ Ыбыраев атындағы ауылы	Школьная көшесі, 2, "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Шал ақын ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Маркен Ахметбеков атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стенд
3	Городецкое ауылы	Центральная көшесі, 28, "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Шал ақын ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Городецк негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стенд
4	Жаңажол ауылы	Мектеп көшесі, 1, "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Шал ақын ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Ғалым Малдыбаев атындағы Жаңажол орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стенд

5	Арай ауылы	Школьная түйық көшесі, 25, " Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Шал ақын ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Кривошеков орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стенд
6	Повозочное ауылы	Березовая көшесі, 2, "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Шал ақын ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Приишим орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стенд
7	Новопокров ауылы	Ыбыраев көшесі, 91, " Орталықтандырылған клуб жүйесі " қазыналық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының жанындағы стенд
8	Семипол ауылы	Советская көшесі, 7, "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Шал ақын ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Семипол орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стенд
9	Сухорабов ауылы	Мир көшесі, 15, "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Шал ақын ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Сухорабовка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стенд
10	Крещенка ауылы	Школьная көшесі, 51, " Орталықтандырылған клуб жүйесі " қазыналық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының жанындағы стенд

11	Сергеевка қаласы	Быковский көшесі, 4, "Орталықтандырылған кітапхана жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стенд
----	------------------	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК